



Тәуелсіздіктің алғашқы жылында 42 мың жоғары білімі бар маман даярланса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 3,4 есеге өсіп, 142 мың адамға жетті.

● Ел және облыс жаңалықтары

Бұдан былай Қазақстанда жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түсетін банк шоттарына қамақ қоюға тыйым салынады. Сондай-ақ, білім алу бойынша жинақтаушы депозиттердегі қаражат та осындай мәртебеге ие болды.

Бұл жерде басты сөз болып отырған жағдай сот шешімі бойынша азаматтың шоттарын қамаққа қойғанда немесе тергеу амалдары жүргізіліп жатқанда уақытша қолдануға қойылатын тыйым жөнінде болып отыр. Елімізде бірқатар заңдар мен кодекстерге өзгерістер енгізілді. Жәрдемақылардың, әлеуметтік төлемдердің және баланың білім алуына жиналған қаржы шоттарын қамаққа алмақты былай қойғанда, иесінің онымен жұмыс істеуіне де тыйым салынбайтын болды. Жаңа нормалар Азаматтық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерінде орын тапты.

Мемлекеттен жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу мақсатында берілетін жер телімдерін алуға өтініш қабылдау жақын арада тоқтатылатын болады.

Қазіргі уақытта Өскемен қаласынан жер алғысы келетіндердің кезегі 2700-ден асып кетті, - деп хабарлады жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Виктория Барсукова. - Ал, Өскемен қаласының аумағындағы жер қоры 3157 телім. Яғни, бұл өтініш қабылдауды аяқтап, тұрғындарға БАҚ арқылы хабарлайтын уақытқа жақындап қалғанымызды білдіреді. Осыған дейін өтініш беріп қойғандарға қордағы учаскелерге коммуникациясы толық тартылғанша күтулеріне тура келеді.

Білім қызметкерлерінің басын қосқан тамыз кеңесінде облыстық Білім басқармасының басшысы Айжан Садықова өңіріміздің шалғай ауылдарындағы мектептерге 28 автобустың қажет екенін хабарлады.

Құзырлы орган басшысының айтуынша, Шығыс Қазақстанның 382 елді мекенінде мектеп жоқ көрінеді. Дегенмен, аталмыш ауылдарда көрші елді мекендердегі мектептерге тұрақты түрде тасымалдап отыру қажеттілігі бар төрт жарым мыңнан астам мектеп жасындағы балалар тұрып жатыр. Биылғы жылы тасымалдаумен айналысқан 175 автобус оқушылардың 80 пайызын ғана қамтып үлгерді.

Өңір басшысы Даниал Ахметов аталмыш мәселенің облыстық деңгейде шешілетінін айтып, өзінің орынбасары Жақсылық Омарға тиісінше тапсырмалар жүктеді.

Шығыс Қазақстандық шаруаларға "Қазагроқаржы" АҚ қаржы институтының лизинг жүйесі арқылы Зайсанда құрастырылатын шағын тракторларды қолжетімді ету жоспарланып отыр.

Көкөністерді отырғызу мен жинауға арналған техниканы және шағын тракторларды құрастыратын "Иртыш ТЗ" өткен жылы ашылған. Алайда, өндіріс орны сату мәселесіне келгенде қиындыққа тап болып отыр. Зайсан ауданына барған облыс басшысы өндіріс орнының мамандарымен кездесіп, жағдайды өз көзімен көрді.

Даниал Ахметов ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдерін "Қазагроқаржы" АҚ лизинг жүйесі арқылы шаруашылықпен айналысатын азаматтарға қолжетімді етуге болатын механизмді ойластыруды тапсырды. Осылайша, зауыт өнімдері ниетті азаматтарға барынша қолжетімді болар еді.

● Мәселенің мәнісі

Жол жөндеу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда

Елбасы "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" атты халыққа Жолдауында жаңа экономикалық саясаттың өзегі ретінде - инфрақұрылымды дамыту аясын атап көрсетті. Оның ішінде жол қатынасының айрықша маңыздылығын көрсетуі бұл саланың экономикалық дамудың тиімді құралы екендігін дәлелдейді. Біздің ауданымызда да ауылдар, елді мекендер арасындағы жолдарды, ауылдардың ішкі көшелеріндегі жолдарын жөндеуге, күтіп ұстауға, кем-кетіктерін уақытында жөндеп отыруға баса мән беріліп келеді.

Алыс-беріс, барыс-келіс жағдайында жолдың тегіс, келіктер қозғалысына қолайлы болуы маңызды. Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің деректеріне сүйенсек, осы жылдың төрт айында аудандағы Ақсуат, Ойшілік, Қызылкесік, Екпін, Жетіарал, Құйған, Көкжыра ауылдық округтері мен Асусай, Қамысты, Жаңғызтал елді мекендеріндегі жалпы саны 46 көшенің жолына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында құм мен қиыршық төгу, қырып тегістеу, асфальт жамылғысын төсеу жұмыстары жасалған.

Сонымен бірге, биылғы жылдың алты айында Ақсуат аумағында: Ақсуат-Ойшілік -23, Екпін-4, Сәтбаев-Көктүбек-13, Көкжыра-Серіктес-13, Трасса-Қожакелді-11, Трасса-Базар-2, Қызылкесік-Үштөбе-30, Қызылжұлдыз-5, Тамань-12 шақырым және Ақсуат ауылының ішіндегі қатты жамылғы төселген жолдар 10 көше жөнделген. Ал, Ақжар аумағында: Ақжар-Жетіарал-Асусай-43, Ақжар-Жаңғызтал-Құйған-15, Құйған-Жамбыл - 14, Жетіарал-Қамысты-18, Трасса-Қарсақбай-Байтоғас-17, Трасса-Қазақстан-Шеңгелді-16, Трасса-Қабанбай-Шорға-15, Трасса-Тәуке-2, Трасса-Ақметеп-2, Трасса-Қарой-11, барлығы 160 шақырым көлік жолдарына құм-қиыршық тас төселіп, қыру-тегістеу жұмыстары жасалған. Және де Ақсуат



ауылдық округінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсуат-Тазалық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақсуат, Ақжар ауылдарының көшелеріне асфальт жамылғысын, құм-қиыршық тас төсеу, қыру-тегістеу жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Осыдан бірнеше жылдар бұрын жергілікті тұрғындар ойқы-шойқы жолдардың азабын тартқан еді. Бүгінгі таңда сол олқылықтардың орны толған. Бұл жұмыстар бұрындары неге қолға алынбады? Аудан әкімі Ділдібек Оразбаевтың айтуынша, жол инфрақұрылымын жетілдірудің жолы іздегенге табылады.

Әйтпесе, жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеудің өзі миллиондаған қаржыға келіп тірелетіндіктен көптеген ауылды жерлерде шұрық-тесік жолдың азабын жергілікті тұрғындар мен қонақтар үздіксіз тарта бермек. Сондықтан, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жолдарды жөндеу тиімділігін көрсетіп отыр. Мәселен, жергілікті қожалық иелері де бұл жұмыстарға атсалысып, техникаға қажетті жанар-жағармай шығарып беріп жатқандары да бар. Бір қуантарлығы, жол жөндеуге арналған техникалар жеткілікті. Есесіне, осы техникалардың арқасында жұмыс өнімділігі артқан әрі біршама жеңілдей түскен. Сонымен қатар, "Ақсуат Тазалық" мекемесінің де қызметкерлері жолды

жақсартуға өз үлестерін қосуда.

Қорыта айтқанда, жолаушылардың, алыс-жақыннан келетін қонақтардың, аудан халқының жүріп-тұруына қолайлы жағдай туғызу үшін ауданымыздағы жолдарды жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. "Жол қадірін жолаушы біледі" демекші, соңғы кездері ауылдардың ішкі көшелерінің бойынан жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар да көптеп салынуда. Бұл игі істердің барлығы ауданымыздың көркін одан сайын аша түсері анық.

Ерлан БАПАНОВ.

● Өнегелі өмір

Әулетінің шырағын сөндірмеген ақсақал

Алақаныңдағы тарам-тарам сызықтар сияқты пәнденің де тағдыры тарам-тарам жолдармен жалғасып жатады. Тіпті, тағдырдан төперіш көре жүріп мойымаған азаматтардың өмір жолы өлге үлгі боларлықтай. Сондай ішкі рухани дүниесі жомарт, жүрегі жылы, қасқырдай қайсар, ұрпақтарының алдындағы парызын адал атқарған ақсақалдардың бірі-Екпін ауылында тұратын Ақан Құрманғалиев десек, қателеспеспіз. Өйткені, бұл кісіге деген халықтың көзқарасы түзу, ілтипаттары жарқын.

Халқымыз "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" дегенді жақсылардың мерейін өсіру үшін айтқаны белгілі.

Ақан ақсақал Кеңес үкіметі кезінде мыңғыртып мал бағып, совхозда бақташы болған. Сол еңбегі елеусіз қалмай, басшылық тарапынан темір тұлпар да мінген екен. Ақан атаның жастық шағында еңбекті сүйген, жалындаған азамат болғандығын замандастары да жақсы



Ақсақал бүгінгі Тәуелсіздігімізге мың мәрте шүкірлік айтады.

біледі.

Үлкен ұлы Төлеуғазы мен келіні Фарида енді шаңырақ көтерген шақта жары Жаңыл өмірден өтіпті. Сол уақыттан бастап, әулетінің шырағын сөндірмей, ұлымды ұяға, қызымды қияға қондырамын деп алдына мақсат қойған ақсақал сол арман-мұратына бүгін жетіп отыр.

Халқымыз "Қыз бала - жат жұрттық" дегендей, қыздарының барлығын өз қолынан ұзатып, барлығына жасау-жабдықтарын алып берген екен.

Қыздарының бірі- Нұрғұл бүгінде білім беру саласында қызмет атқарып, ел мүддесіне жұмыс жасауда. Немерелерінің көбі ұстаздық салада еңбек етеді.

Жас күнінде біркісідей қарулы болған азаматтың бастаған ісін бүгінде ұлдары жалғастырып, мал өсірумен айналысып жатыр. Немереден шөбере сүйіп отырған жайы бар.

М.ЗИЯБЕК.

● Жария ету-2016

Тиімді мүмкіндік

Бірінші кезекте, мүлкті жария ету - табысты жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі екендігін атап кеткен жөн.

Сонымен бірге, жария етілген капитал түрінде экономикаға қосымша қаражатты тарту оның басты мақсаты болып табылады. Ақция жария етуге және бар мүлкті заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Жария ету өздігінен өлеңдік тәжірибеде жаңалық емес. Еуропаның бірқатар елдері, АҚШ-тың көптеген штаттары осы акцияны бірнеше

рет өткізген, капиталды көлеңкеден шығару бүкіл өлем бойынша барынша өзекті мәселе болып табылады. Қазақстанда да жария етуді өткізу тәжірибесі бар.

Елбасы атап өткендей, инвестиция және сауда теңгерімінің төмендеуімен сипатталатын өлеңдік экономикада жалғасудағы тұрақсыздық пен оның Қазақстан экономикасына ықпал ету үрдістерін ескере отырып, экономикаға қосымша ресурстар тартудың өткір қажеттілігі туындауда. Сондықтан, отандық экономиканың ішкі ресурстарын көлеңкеден шығару аталған мақсатқа қол жеткізудің нақты құралы болып табылады. Ақшаны жария ету бойынша науқан екі жаққа да, ақшаны жария етуші азаматтарға да, ел экономикасы үшін де тиімді.

Е.ЕРМЕК.

Ақпараттар ағыны

**Қамкөңіл жандарға
қамқор жан**



Ауылдағы "Мүмкіндігі шектеулі балалар мен 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар адамдарға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету" бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері Гүлзира Мұхамедияева өз қарамағындағы көмек алушыларды Зайсан қаласына экскурсияға апарып келді.

Бұл енді көпке үлгі боларлық бастама. Уақытының көбін үйінде өткізетін қамкөңіл жандар қаланың көрікті жерлерін, саяжай, музейді аралап, көңілдері бір серпіліп қалды. Көмек алушылардың көңілін аулап, барлық іс-әрекеттер қаржыға келіп тірелетін уақытта осындай тамаша демалыс сыйлаған әлеуметтік қызметкерге еңбегің жаның деіміз.

Г.СОЛТАНОВА,
бөлімше меңгерушісі.
Тұғыл ауылы.

**Акция аясындағы
шаралар**

Ауылда еліміздің Ата Заң мерекесі және республикалық "Ақ орамал", "Мектепке жол" акциялары бойынша мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Іс-шара ақ жаулықты аналар мен жас келіндер және мектеп оқушыларының қатысуымен өтті. Ауыл әкімі А.Дәуірбекқызы ауыл жұртшылығын мерекелерімен құттықтап, кітапханашы Ф.Қалиқызын аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Ақ жаулықты әжеміз Тыныштық қажы жас келіндерге ақ тіпектерін айтып, бастарына "Ақ орамал" байлады. Сондай-ақ, ауылдағы аз қамтылған отбасыларға "Мектепке жол" акциясы бойынша мекеме ұжымдары, жеке кәсіпкерлер дайындаған сыйлықтарын таратты. Оқушылар өнерлерін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді.

А.МҰҚЫШЕВА,
мәдени іс-шараларды
ұйымдастырушы.
Жәнтікей ауылы.

Кітап табыстады



Жуырда Ақжар балалар кітапханасына жерлесіміз, қазіргі уақытта Павлодар қаласында тұратын Аққузинова Бақжамал Ағымханқызы келіп, өзінің балаларға арналған "Балдырған" атты өлеңдер жинағын оқырман бұлдіршіндерге табыстады.

**Тіл мәртебесі - ел
мәртебесі**

Тарих беттерінде қазақ халқының басынан сан-қилы заман өтті. Рухымыздың биіктігі, дініміздің беріктігінің арқасында ұлтымызға ғана тән ана тілімізді еш өзгеріссіз, таза, кіршіксіз күйінде бүгінгі заманға жеткіздік.

"Жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей, тілімізді тұғырынан түсірмеуге сот саласының қызметкерлері де өз үлестерін қосуда.

№2 аудандық сот - құжат айналымы ертеден 100% мемлекеттік тілде жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік органдардың бірі. Осыған орай, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру мақсатында тіл мәселесіне қатысты өзге де ұйымдар, мемлекеттік органдардың қатысумен түрлі іс-шаралар өткізіліп отырады.

А.НҰРМҰХАНБЕТОВА,
№2 аудандық соттың
жетекші маманы.

**Қыркүйектің екінші жексенбісі - Отбасы күні
Өсіп - өнген ӘУЛЕТ**

Қазақ - бауырмал, балажан халық. Таяуда журналистік сапармен Қарасу ауылдық округіне қарасты Қостөбе қыстағындағы Қанапияновтардың шаңырағына барғанымызда осыған тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Онда бүгінде жастары жетпісті еңсерген ерлі-зайыпты Әскербек атамыз бен Әскерхан апамыз тұрады. Олардың сан қырлы өмір белестері кімді де болсын бей-жай қалдырмасы анық.

"Көтеріп тұрып, құлатады өмір. Күлдіріп тұрып, жылатады өмір. Етегің толып еңіреген кезде, қайтадан өзі жұбатады өмір" деп ақын жырларына арқау болған бұл өмірде бәріміздің де басымыздан сын сағаттар өтетіні анық. Сол сияқты, бұл кісілердің де ертеректе тағдырдың бұралаң жолдарына тап келген кездері аз болмапты.

1987 жыл. Алаңсыз тірлік кешкен күндер. Алайда, күндердің бір күнінде үйге суық хабар жетеді. Әскербектің "Қарасу" совхозында тұратын ағасы Айтмұқаштың отбасы кенеттен қара жамылады. Жеңгесі Бақжамал небары 42 жасында қан қысымынан бақилық болады. Артында аңырап отағасы, шырылдап шиттей алты баласы қалады. Туған-туыстары төбеден жәй түскендей абдырайды. Көздің жасы енді құрғап, ес жия бастағанда екі жылдан соң Әскекеннің ағасы Айтмұқаш та 50-ге толмай мезгілсіз көз жұмады. Араға алты ай салып Айтмұқаштың анасы қайтыс болады. "Жығылған үстіне жұдырық болды" деген осы шығар. Бүтін бір отбасының шаңырағын шайқалтқан қайғы інісі Әскербектің жанұясына да ауыр соққы болды.

Шыдамдыны мына өмір ұнатады

Бір айта кетерлігі, Әскербек пен Әскерхан сын сағатта сырт айналмады. Бірден панасыз қалған алты баланы өз бауырларына салып, бағуға шешім қабылдайды. Алайда, жергілікті билік тарапы балаларды балалар үйіне өткізбек болады. Інісінің асырап алуына рұқсат бермей бір жылдай әбегерге салады. Содан әркім-әркім Әскемендегі тиісті орындарға хат жазады. Одан қайран болмағасын, Алматыға шығады. Дегенмен, ол жақтан мәселе оң шешімін табады. Жоғары жақтан арнайы рұқсатпен 1991 жылы ресми түрде "Жанұялық балалар үйін" құрады. Содан балалардың арты он сегізге толғанша қызмет істейді. Бұл балаларды қалайда алып қалудың амалы еді. Бұдан үлкен қуаныш болсын ба?! Өз ағасының ұрпақтарын өзегінен тепкізбей, бөтен жерде көздерін жәуентетпей өсіруге мүмкіндік алды ғой. Осылайша, оларды өздерінің тоғыз баласының қатарына қосып бағып-қағады. Он бес баланы асырау айтуға ғана оңай шығар. Қазіргідей емес, сол кездегі қиын-қыстау заманда бұл ерлікке пара-пар емес пе еді?! "Шыда, шыда, шыдай тұс, тағы шыда, Тау құлатқан тасқының ағысына. Кір жуытпай кіршіксіз намысыңа, Қарысуға болады, алысуға..." деп Мұқағали жырлағандай, Әскербек атамыз бен Әскерхан апамыз қиындықпен күресе білді, әулеттің намысын жықпады.

Жүрегінде қайырымдылық нұры бар

Осылайша, ол күндер артта қалды. Маңдай термен сол балаларының барлығын өсіріп, жеткізді. Мұның барлығы ана

● **Көкейтесті**

Қаралы қазаны тоймен шатастырмайық!

Әрине, өмір бар жерде өлім бар. "Тас түскен жеріне ауыр" демекші, жақының жер қойнына тапсырған отбасыға оңай емес. Әсіресе, жастай қыршынынан қиылған жандардың қазасы тіптен ауыр ғой. Қалай болғанда да сол қаралы отбасы марқұмын ақтық сапарға шығарып салу жолындағы барлық жөн-жоралғыларды мойнына алады. Қайғыдан қабырғасы қайыса жүріп, соятын мал, дастарханға қажетті тағамдарды іздейді. Тізе берсең, атқарылатын жұмыстары аз емес. Кейбіреулердің қаржылай шамасы келмесе де намысқа тырысып, қарызданып-қауғаланып қалады. Мұндағы айтпағымыз, марқұмға арнап ас бергенде аста-төк ысырапшылдыққа жол берілетіндігі қынжылтады. Бұл туралы күршімдік Хасен Зәкария облыстық газеттердің бірінде орынды ой қозғапты. Расында да дастарханға тәттінің неше түрі, жеміс-жидек, тіпті салатқа дейін қойылатыны жасырын емес. Құдды бір өлімді "жуып" отырғандай әсер қалдырады. Сондықтан, қаралы қазаны тоймен шатастырмайық. Жағдайы жақсы адамдар үшін бәсекелесіп дастархан жаю аса ауыр емес шығар, жоқ-жітікті жандарға айтарлықтай ауыртпалық түсіреді.

Имам Ғазали "Мүмкіндіктерді діннің, ғұрыптың және адамзаттың қажеттілігіне керекті мөлшерде жұмсау - жомарттық, одан төменгі мөлшерде жұмсау - сараңдық, ал, осы өлшемдерден асып кету - ысырап", - деген екен. Осыдан-ақ дінімізде ысырапкерлік - үлкен күнә екендігін аңғаруға болады.

Ілгеріде Тарбағатайда алғаш мектеп ашып, Сұтанмахмұт Торайғыровты алдыртып, халықтың сауатын ашуды, жастарды білімге баулыған Құрбанқажы атасына ас бермей, Көктерек, Жайсын, Шәуешек, Бақты тағы басқа шаһар мешіттеріне бір-бір жылқы беріп, дұға оқытқан. Осы кезеңде ас беру біршама азайған еді. Алайда, 1908 жылдан бастап осы ғұрып қайта жанданған екен.

Алғашқы салынған мешіттердің бірі Құрбанқажының кіндік



жүрегінің кеңдігінің, мейірімділігінің, әкенің арқасүйер азамат бола білгендігінің нәтижесі екені даусыз. Бүгінде сол он бес баланың барлығы үйлі-баранды, балалы-шағалы болған. Олардың екеуі - Алматыда, сегізі - Әскеменде, төртеуі - Ақжарда, біреуі - Қарасуда тұрады екен. Барлығы қалаған мамандықтары бойынша білім алып, елге қызмет етуде. Ауылдағы шаңыраққа әулет мүшелері жиі жиналып тұрады екен.

"Бала деген - байлық. Баларымыз өзара тату өсті. Бәрін бірдей көрдік, бәріне бірдей қарадық. Құдайға шүкір, бүгінде балаларымыздың, немере-шөберелеріміздің ортасында мінекей, атаң екеуміз шуақты да бақытты күндерді басымыздан кешіп жатырмыз" деп ағынан жарылды Әскерхан апамыз әңгіме барысында. Қостөбедегі бұл шаңыраққа ұлдарының бірі - Бауыржан ие болып отыр. Ертеректе "Қараша" шаруа қожалығын құрған ол бұл қыстақта ірі қара, жылқы, қой өсіріп, кәсібін дөңгелетуде. Біз барғанымызда жиендері Сырым бие сауып жүр екен. Ақ дастархан басында бал қымыздан да дәм таттық. Қазыналы қос қарияның тарқатқан әңгімесінен үлгі-өнеге алдық, ой түйдік. Алла тағала Құранда "Кім бір жақсылық істесе, оған одан да артық жақсылық бар" деп істеген жақсылығын арттырып беретіндігін айтып, уәде еткен. Кезінде жақсылық, қамқорлық жасай білген Әскербек атамыз бен Әскерхан апамыздың Жаратушымыз несібесін еселеп бергендігіне әулетінің өсіп өнгендігі, мұқым облысы танымал "Мерейлі отбасы" ретінде танылғандығы нақты дәлел. Осындай жақсы адамдар көп болса екен. Себебі, қоғам залымдарға, екі жүзділерге, намыссыздарға емес, осындай жақсы адамдарға мұқтаж. Ендеше, жүректерін жақсылық нұрына малындырған Қанапияновтар әулетіне амандық, толайым табыстар тілейміз.

Ерлан БАПАНОВ.



қаны тамған Құйғанда еді. Мұнда да Қазаннан арнайы алдыртқан Иманмәди молданы қамқорлығына алып, елді діни сауаттылыққа тәрбиеледі. Сол Иманмәдидің ұрпақтары бүгінгі күні Құйғанда тұрады. Бұл ауылдан шыққан елге аты мәшһүр Мақан, Жұмақан, Шаймардан әкелеріміз елдің білімін, діни сауатын көтеруге көп үлес қосқан. Мұны неге айтып отырмыз? Яғни, арғы бабаларымыз қарынның емес, арының қамын ойлаған.

Бірде Ақжарда өткен көпшілік жиында қажы, аудандық мәслихат депутаты Төлеген

Қалимажанов өлім шыққан қаралы үйде артық шашылу, адал асты жөн-жосықсыз ысырап етуге жол бермеу керектігін айтып, мәселе көтерді. Ауылдағы дін өкілдері - А.Жарасов, Б.Ноғайбаев, К.Қарынбаев осы жағымсыз үрдісті жою үшін білек сыбана кірісті. Нәтижесінде Ақжар, Тұғыл, Жамбыл, Жаңалық, Жетіарал, Құйған ауылдарында қазалы болған шаңырақта мал сою, әртүрлі қымбат тағамдарды қою сап тыйылды. Алдағы уақытта Бағдәулет Қайсанов, Жолан Көкібаев, Сәкен Нұрмұханбетов, Мута Көпжасаров, Серік Бексайынов, Жеңіс Тілебалғанов сынды ел ағалары да тұрғындармен жұмыс жүргізсе, Қарасу, Маңырақ, Қабанбай, Жаңаауыл, Тәуке ауылдарында аталмыш әдеп қолдауын табар еді.

Тағы бір айта кетерлігі, бейіт басындағы бәсекелестік. Мазарлардың қасынан өтсең, бейне бір ғимараттары менмұндалаған қаланы көргендей боласың. Айтпағым, зиратты қанша жерден күмбездеп, сәндесеңіз де, ол марқұмға еш пайда бермейді. Тіпті, оны салған адамға да ешқандай сауап жоқ. Бар болғаны ысырапқа жол бергендік болып есептеледі. Ал, Құранға назар салсақ, ысырапшылдық жайында былай дейді: "Шынында ысырапшылдық жасаушылар шайтанның бауырлары, ал, шайтан - Раббысына өте қарсы" (Исра, 111-аят). Қорыта айтқанда, ысырапшылдықты қоғамнан ысырып тастайтын кез келді.

Б.НҰҒМАНОВ,
ауданның "Құрметті азаматы".
Ақжар ауылы.

Ережеп Итбаев - Алаш қайраткері

Алаш - XX ғасыр басындағы ұлттың өзін-өзі ұлт ретінде тануға негізделген ірі қозғалыс болатын. Оның басы-қасында қазақ зиялылары тұрды. Төмендегі мақалада Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай, Алаш қозғалысының қайраткері, өз заманының көзі ашық азаматы, ұлттың жасампаздық рухын ояту жолында тер төккен қазақ халқының күрескер, талантты ұлдарының бірі - жерлесіміз Ережеп Итбаев туралы сыр шертіледі.

Ережеп Итбаев - Тарбағатай өңіріндегі Өкпелі болысында Тоғасбайұлы Итбайұлы отбасында дүниеге келген. Ережеп - Итбайдың алты ұлының үлкені. Қазіргі басылымдарда оның туған жылы әртүрлі көрсетіліп жүр. Мысалы, уикипедияда 1885 жылы туып, 1936 жылы қайтыс болды деп жазылған. Бұл ешқандай қисынға келмейді. Мұрағатта: "Дано сие от Окпектинского волостного Управления в том, что киргиз Ережеп Итбаев имеет от роду 24 года, холост, происходит от киргиз Окпектинской волости Зайсанского уезда, имеет отца Итпая Токеспая 49 лет, (мать умершая), что и удостоверяется надлежащим подписем с приложениям казенной печати. Июля 2 дня 1894 г. Окпектинской волостной правитель Баямбаев" [1] деген куәлікке қарағанда, ол 1870 жылы туған болып шығады. Оның Омбы округтік сотында аудармашы болып жүрген кезіндегі қызметтік формулярында 1866 жылы туған деп жазылған екен [1]. Дегенмен, туған ауылының болыс басқарушысы Көкебай қажының (Баянбаев) берген анықтамасы негізіндегі 1870 жыл дұрыс болар.

Ол кезде келешекте патша үкіметіне қызмет ететін кадрларды даярлау үшін жергілікті халықтың билеуші тобының балаларын оқуды қолға алған болатын. Ел ішінде кейбір білікті бай, ауқатты адамдар өз балаларын оқуға жіберді. Ал орыстың заңынан, орыстанудан сақтанған кейбір ел агалары өз балаларын жібермей, орнына кедейлеу ағайынның балаларын аттандырған. Сондай алғашқы оқуға жіберілгендердің бірі шалғайдағы Өкпелі болысының Жаман Қызылтас қыстауын мекендеген қарапайым шаруа Итбайдың ұлы Ережеп болды.

Ережеп оқуға келгенде тым жас емес болатын. Омбы гимназиясын бітіргендігі мен Томск университетінде оқығандығы туралы оған мынадай куәлік берілген: "Свидетельство. Предъявитель сего Ережеп Итбаев, сын киргиза, вероисповедание Магометанского, имеет от роду 23 года.

По окончании полного курса науки в Омской гимназии, при отличном поведении, в 1 июне месяце 1894 года, он в августе месяце того же года был принят по аттестату зрелости в число студентов I-го семестра Медицинского факультета Императорского Томского Университета, где слушал лекции в течение 1894/5, 1896/7 акад. годов." [1].

Ол кездегі орта білім беретін Омбы гимназиясының толық курсы 7 жыл. Сонда бұл куәлікке қарағанда, Ережеп Омбы қаласына оқуға 1887 жылы, 17 жасында келген болып шығады. Оған аса таңырқаудың да қажеті жоқ. Себебі, қыр шеттегі Тарбағатай тауының шалғай қыстауынан тым жас баланы ешкім де Омбыға жібере қоймас еді.

Есейіп қалған балаң жігітке оқудың оңай соқпайтыны да белгілі. Буыны қатайып қалған қыр баласы Ережепке де Омбы гимназиясында орысша оқу оңайға түспеген. Оны төмендегі құжаттағы емтихан бағаларынан да байқауға болады: "Подвергаясь испытанием по предметам I части полукурсового экзамена в Мае месяце 1895 года, Итбаев оказал сл. успехи: по зоологии достаточные (3), ботанике достаточные (3) и минералогии достаточные (3)" [1]. Бірақ, Ережептің оқуға құштарлығы, талабы мен білімі сол кездегі аса әлеуетті оқу орны Томск Императорлық Университетінің медицина факультетіне түсуге мүмкіндік берді.

Итбаев отбасы жағдайына байланысты екі жыл оқыған университетті бітіріп, арнайы мамандық ала алмаған. "Ныне он, Итбаев, согласно прошению, по домашним обстоятельствам из университета уволен, а так как он полного курса не окончил, то права, высочайше дарованная студентам, окончившим полный курс университетских наук, на него не распространяются" [1].

Университетте жүрген кезінде отбасылық жағдайына байланысты оқуына кедергілер көп болғаны, кейде емтихандарға келе алмауы төмендегі мұрағат құжаттарынан байқалады: "На II курс, на основании параграфа 6 Правил о зачете полугоди на медицинском факультете оставлен был на второй год, как неявившийся к испытаниям в мае м. 1896 года по предметам" [1].

Оқуғанын көкірегіне тоқи білетін азамат өзі ізденіп, өмірден мол тәжірибе жинайды. Орыс тілін жақсы меңгереді. Соның арқасында саяси, әлеуметтік жұмыстарға араласады. Ережеп ауылда туып, балалық шағы сонда өткенімен, оның оқудан кейінгі есею жылдары, қалған ғұмыры қалаларда, түрлі шенеуніктік қызметтерде өтті. 1897-1899 жылдары Қарқаралы, Кереку, Зайсан уездерінің жер мәселесін зерттеуге шыққан экспедицияның құрамында болады.

Үкімет жұмысына тұрақты орналасуы 1900 жылдан басталады. Ақмола облысының Әскери Губернаторының бұйрығымен Омбы қалалық Полиция Басқармасының штатына алынып, 1 қараша 1900 жылы Ақмола облыстық

Басқармасына жұмысқа жіберіледі. 1902 жылы Қарқаралы уезі бастығының тілмашы, 1906 жылы өз өтінішімен жұмыстан кетіп, 1907 жылы Омбы округтік сотының тілмашы қызметіне тұрады. Сіңірген еңбегіне қарай, 1909 жылы "Коллежский регистратор", 1913 жылы "Коллежский секретарь" шені беріліп, қызметі өсіп отырды. Романовтар әулетінің билік құрғанына 300 жыл толуына байланысты ашық түсті қола медальмен марапатталады [1].

Патша заманындағы Е.Итбаев туралы барлық құжаттарда "өте жақсы" деген мінездеме береді. Соған қарағанда, Ережеп өз жұмысын жақсы меңгерген, ұқыпты, салмақты, барынша адал адам болғанға ұқсайды. Оның мұндай адами қасиеттерін Ә. Бөкейхановтың "Қазақ" газетіне жазған мақаласынан көруге болады. 1916 жылы тыл жұмысына алынған қыр қазағының соңынан іздеп барып, олардың жағдайымен танысқан Әлихан Бөкейханов тіл білмейтін, өз ауылдарынан шықпаған жастарға қолдау көрсетіп, тұрмыс жағдайларын жақсарту шараларын жасауға кіріседі. Оларға ең алдымен өз мұқтаждарын басшыларға жеткізетін орыс тілін білетін адамдар керек еді. Сондықтан, Әлихан ел ішіндегі оқығандарға үндеу тастап, майданға еркімен барып, қазақтарға көмек көрсететін тілмаштарды іздеді. Ол: "Төмендегі инабатты адамдар көрсеткен жігіттерді переводчикке аламын: Қарқаралыда - Қасым Мамлаев, Семейде - Тұрағұл, Нұрғали, Павлодарда - Сағадат, В.Антонич Сорокин, Омбыда - Ережеп, Қызылжарда - Салмақбай, Ахмед, Жанталин, Бөкейлікте - Шәңгерей, Ақмешітте - Юсупбек, Шымкентте - Ахметжан, Қоқанда - Ақаев, Ақмолада - Ахмед, Райымбек, Атбасарда - Сыздық Мешенбаев, Ақтөбеде - "Қазақ" басқармасы. Майданға келіп жігіттерді епейтін, пара алатын, іске еріншек переводчик әуре болмасын. Қызмет жұрт үшін, іс таза жігіттік", [2, 230] деп жазды. Алаш көсемі Әлекең атаған адал жігіттердің ішінде Ережеп Итбайұлының болуы оның азаматтық бейнесін аша түседі. Жасыратыны жоқ, ол кезде оқығандығын пайдаланып елді сорған паракор, пәлекор, бас пайдасын күйіттейтін жылпостар аз емес еді.

Орыс тіліне жетік азамат аудармашы бола жүріп патша үкіметінің отаршыл саясатының сырын және жергілікті патша ұлықтарының пиғылын жақсы түсіне керек, 1917 жылы өз еркімен жұмыстан кетеді. Ережептің не мақсатпен жұмыстан кеткенін қызметінен босай салысымен, Алашорда қозғалысына қатысуынан білуге болады.

Сол жылы Ережеп халықтың басын қосып, Алаш туы астына топтастыру үшін Ақмола облысында тұратын қазақтардың арасында белсенді жұмыстар атқарады, съезд өткізуге дайындықпен айналысады. Ақмола облыстық қазақ съезі 1917 жылғы сәуірдің 25-інен мамырдың 7-іне дейін Омбы қаласында өтеді. Съезді дайындаған белгілі Алаш қайраткері Ережеп Итбаев бастаған ұйымдастыру комитеті. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысады. Съезд төрағалығына заңгер Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлары болып Ережеп Итбаев пен Міржақып Дулатов, хатшылығына Мұхтар Саматов, Асылбек Сейітов және Тоқбаев сайланды.

Ұлттың бірілігі, жолағары үшін күресуге бел буған Итбаев Ережеп Алашорданың Ақмола облыстық комитетінде белсенді қызметтер атқарды. Тыңғылықты да тынатын жұмыстары арқылы халық алдында, Алашорда үкіметі алдында өзінің адал ниетін, берік ұстанымын танытады.

Томскі қаласында 1917 жылы қазанның 8-15 күндері аралығында жалпы-сібірлік съезд өткенде Итбаев Ережеп Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, С.Досжановтармен бірге қазақ халқының өкілі болып қатысады. Сол жолы Сібір кеңесінің құрамына қабылданады.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері аралығында Орынборда екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алаш автономиясының халық кеңесіне кандидат болып сайланып, Алашорда үкіметінің құрамына енді [3,74].

Алаш идеясына барынша берілген Ережеп Итбаев аумалы-төкпелі заманды пайдаланып, автономия түрінде тәуелсіздік алуды іске асыру керек деп есептейді және ол осы ойын 1918 жылы 29 шілдеде өткен облыстық земство жиналысында қырғыз (қазақ) гласнылары атынан біршама ашық мәтінде ұяндайды. Оның кесімді мәлімдемесі далалық аймақтарда (Қазақстанда) тұратын орыс ұлты өкілдерінің алаңдаушылығын туғызды. Ақмола облыстық земство жиналысының бір топ орыс шаруалары Сібір Уақытша үкіметіне хат жолдады: "Киргизская группа областных гласных через своего гласного Итбаева резко подчеркнула: "29 июля в заседании областного земского собрания при вопросе о сибирской областной думе представлено от Совета Министров Временного сибирского правительства в лице Министра юстиции о неколебимом сьем решении о киргизской территориальной автономии обл. Асмолинкой,

Семиреченской, Тургайской, Оренбургской, Ферганской и других, от имени уже у них своего правительства, каковое они признают, и от которого получают руководящие указания, как в политическом, так и в культурно-просветительском и экономическом устроивте киргизской жизни.

...На изложенное и учитывая остроу государственного момента мы, гласные крестьяне, убедительно просим Сибирское временное правительство, как стража блага народного, принять меры соответствующего предостережения в ныне могущих быть осложнениях и обострениях на местах среди населения из-за понятий территориальной киргизской автономии, не оправываемой в данное время никакими соображениями в необходимости таковой.

Категорическое заявление Итбаева, без ведома широких масс, от лица гласных киргиз в заседании 29 июля областного земства г-ну Министру о территориальной автономии области и (от) имени уже своего Киргизского правительства, нас русских, кровно заинтересованных в этом крайне озадачило" [4].

Итбаевтың бұл мәлімдемесінің нені меңзейтінін сол кездегі орыс тілінде шығатын "Свободная речь" газеті: "По существу, при удовлетворении киргизских претензий, от России должен быть отделен громадный край, местами густозаселенный русскими переселенцами, (с) целым рядом чисто русских городов. Мы говорим "отделена", потому что автономия в той форме, в какой ее требуют киргизские представители, равносильна полному отделению от России, равносильна образованию в ее пределах самостоятельного киргизского государства" [4] деп, қазақтар жеке мемлекет болып кететіндей одан сайын бояуын қоюлата түседі.

Оның тәуелсіздікке қол жеткізуді армандап, сол бағытта жұмыс істегендігін көзі көргендердің естелігі де бекіте түседі. Ұзақ жылдар Ақсуат ауданында ұстаздық қызмет атқарған, сол заманда Семей мұғалімдер техникумында оқитын Талғатбек Уалханов елден келген Жәкула болыстың қалада қызмет атқаратын ағайыны Ережеппен әңгімесінің куәсі болған. Бұл кез елдегі жағдай қиындап, жер-жерде көтерілістер болып жатқан, 1931 жылдың шамасы болатын. Ақыл сұрай келген Жәкулаға Ережеп: "Осы большевиктің үкіметін жақтырмайтын қарсы адамның бірі мен болдым. Өзің білесің Қазақстанды тәуелсіз ел етпек болып, қазақтың оқыған зиялы азаматтары саяси ұйым "Алашорда" партиясын құрдық, недәуір әскери жасақ ұйымдастырып, қарулы шайқас та жасадық. Бірақ, бәрібір жеңіліске ұшырадық. Ақыры, Алаш басшылары бас сауғалап жан-жаққа бытырап кетті. Соның бірі - мен, міне, Семейге келіп, еріксіз осы үкіметке қызмет етіп отырмын. Қазіргі жер-жердегі бас көтерулерің бұл үкіметті құлатау шамасы келмейді. Сен бұл үкіметке керек адамсың, сондықтан әліптін артын бақ", деп кеңес берген [5,86].

Осы сөздері оның түңілуін де, шарасыздығын да, кеңес билігіне мойынұсынуды да білдірсе керек. Ақмоладағы қызметінен кейін, Ережеп Семейге келеді. 1921 жылы Семейдегі тұңғыш уездік советтер съезіне делегат болып қатысады. Сол жылдың 12 тамызы күні Семей губерниялық атқару комитеті құрылып, оның төрағасы Мұхтар Әуезов болады. Атқару комитетінің құрамына Е.Итбаев та кіреді. Ол жалпы басқару бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Ақыры жүріп, заман ыңғайына бейімделіп қалған ғұмырын Семей қаласында өткізеді.

Кеңес заманы күш ала бастаған кезде саяси жұмыстардан бойын аулақтатып, Семей қаласында заң саласында қызмет атқарды. Ол өзі қараған істердің әділетті шешілуіне ықпал етеді. Өзінің іскерлік, табандылық қасиетімен Е.Итбаев кезінде Семей өңіріне қадірменді, білгір заң қызметкері ретінде танылады.

Алашорда мүшелері шетінен қуғын-сүргінге ұшырап жатқан кезде Е. Итбаев бұл қатерге ұрынбаған. Оның үстінен қозғалған іс, қудалау туралы деректер көзге түспеді.

Ережептің отбасы туралы да деректер тым аз. 1916 жылғы қызметтік формулярда отбасылық жағдай деген графада "бойдақ" деп көрсетілген. Бірақ, білетіндердің айтуынша, оның Бектұр деген ұлы болған. Алаш азаматының ұлы Бектұр Ережепұлы Итбаев заң қызметкері болып Қарағандыда көп жылдар жемісті еңбек еткенін елдегі ағайындары біледі.

Ережеп Итбайұлы 1936 жылы Семей қаласында науқастан дүние салды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты (Астана ММ). қ 430, тізім 9, іс 9.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы, 1994. -384 б.
3. Мартыненко Н. Алашорда. -Алматы, 1992. -192 б.
4. ЦДНИ ВКО, г. "Свободная речь", 1918 г., № 208.
5. Қабышұлы М. Жәкула Күшікұлы. //Жәкула болыс. - Алматы, 2013. -224 б.

Мұхаметбек АСЫЛБЕКОВ,
Семей қаласындағы Шөкәрім атындағы мемлекеттік университетінің М.Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының жетекші маманы.

Туысшыл азамат еді

Итбаев Жанарбек 1926 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданы Өкпелі тауының бауырындағы Үштөбе ауылында дүниеге келген. Руы Қараби. Итбайда алты ұл - Ережеп, Ожар, Нүкетап, Ақатай, Шоқатай, Кенжікен. Жәкең Нүкеннен ұл баланың тұңғышы. Бірге туысқан қарындастары бар. Бауырлары Әнуарбек, Әміртай. Осы аталған қарындас-бауырларының балалары да ер жетті. Үйлі-баранды. Жәкең 1943 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, 1947 жылы елге аман-есен оралған. Отан соғысының ардагері, ауыл шаруашылығын көтерудегі уақыттарда бұл кісінің атқарған еңбектері өз кезінде бағаланды. Еңбек ардагері, ғалым зоотехник. Әр саладағы ауылшаруашылық жұмыс түрінің қайраткері 1995 жылы өмірден 69 жасында өтті.

Жәкең пенсияға шыққанға дейін көп жылдар бойы «Комсомол» совхозында ферма меңгерушісі болып жұмыстар атқарды. Жұмыста ешбір кемшілігі болмайтын, коллектив ортасында беделді, сыйлы болды. Совхоз басқармасы, аудан басшылары алдында беделді тұғырынан бірде-бір мезгіл тайған емес.Осы совхозда мал тұқымын асылдандыру жөнінде зоотехник, XXII партсъезд совхозында бас зоотехник болып жұмыстар атқарды. Міне, осының барлығы істеген жұмыстарының нәтижесі. Совхоз экономикасын көтерудегі Жәкеңнің қосқан үлесі өте зор болды. Ағаның өмірлік жары Күліс жеңешеміздің апа-сіңілілері, немерелес бауырлары Сапаш Тәуірбеков, Мәлс Тәшенов, Жәкеңнің бажасы Қайнолда Кенжебаев міне, осы кісілер өмірден өз орнын тапқан білікті де, білімді адамдар болды. Амал жоқ, бәрін бір Алла білер. Біреуге ерте, біреуге кеш. Сапаш, Мәлс өмірден ерте кетті. Оқыған, білімді, тәжірибесі мол, өздерінің бойына біткен мінездері жұмсақ сабырлы да

қарапайым жандар еді.

Күліс жеңешеміздің мамандығы - мұғалім. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөлетін. Ұш ұл, үш қыз өсіріп, жеткізді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ана.

Қыздары жоғары оқу орнын бітіріп, өріс жайып, балалы-шағалы болды. Ұлдарының үлкені Дәулет Семейдің медалдарымен бітіріп, қазіргі уақытта Тарбағатай аудандық ауруханасының бас дәрігері. Жолдасы Нәсимә - мұғалім. Балалары - Қарлығаш пен Жандос бір-бір мамандықтың иелері. Несіпбек жолдасы Әлия, балалары - Кенжебек, Әділет, Дастан, Мейіржан, Сандуғаш. Несіпбек ауыл шаруашылық техникумын бітіргеннен кейін «Комсомол» совхозында ферма меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қазір де механик болып қызмет атқаруда.

Ал, Данабек аудандық ішкі істер органының подполковнигі, жолдасы Гүлжан - ұстаз, балалары - Бекжан, Бақытжан, Әділжан.

Әкелерімен туысқан Итбаев Ақатай, Итбаев Шоқатай, Тоғасбаев Кенжікен үлкен әкелеріне жазылған. Соғыс ардагері - Ибраһым Ожаров соғыста хабарсыз кеткен. Ұлы Отан соғысынан Ақатай атамыз бір қолсыз оралған. Өзінің туған жері, өскен елі «Ленин жолы» совхозының бір табын аналық саулығын бағып, пенсияға шыққан атақты шопанның бірі болған.

1960-61 жылдар болуы керек. «Ленин жолы» совхозының бастығы Ибраев Ормұханбет (Орқаш). Осы кеңшарда Итбаев Ақатай ұлы Заманбекпен бірге 1 отар қой бағатын.

Жаздығүні қарлы жаңбыр жауып, қатты суықтан 100-200 - дей малы қырылып қалған. Осы үшін Ақатаев Заманбек (Замкен) пен ферма зоотехнигі Ағзам Көшкінов екеуі 3-4 жылдан сотталған. Осы жағдайды сол жылдары Алматының зоовет институтында сырттай оқып жүрген Жәкең Целиноградқа барып Бектұрға айтады. Ал, Бектұрды Жанарбек бұрын білмеген. Оны республикалық соттың кеңесіне барғанда "Озат адвокат" деген Құрмет тақтасында ілулі тұрған суретінен көріп, сол жердегі адамдардан сұрастырып, Итбаев Ережептің баласы екенін біледі.

Жәкең Бектұрмен кездесіп, түсік асқа бірге барып, жағдайды айтады. Заманбек пен Ағзамды соттан қалай ақтағаны белгісіз. Ертесінде ол екеуі толық ақталып шығады.

Социал САДЫҚОВ,
еңбек ардагері,
Тарбағатай ауданының
"Құрметті азаматы".

Салт-дәстүр

Беташар - әулеттің бет-бейнесі

Халқымыз «Әннің де естісі бар, есері бар», көкейін тыңдарманның тесері бар» дегендей, бүгінде салтымыздың есті жағы мен көкейге қонымсыз ессіз тұстары да шығып жатыр. Оны енді жастар да, жасамыстар да білуі керек. Дарынды жазушы Қ.Жұмаділов "Бір нәрсені білмеу күнә емес, білуге талпынбау күнә" дегендей, ғұрпымның түбінде не жатыр, ұлтымның өткенінде не дүние бар деп салт пен дәстүрді зерделей жүргеннің артығы жоқ сияқты.

Бүгінде қарапайым ғана тойымыздың өзін шикі сарынмен өткізіп жатамыз. Бұлай деп кесіп айтудың бірден-бір себебі келін түсірген көптеген ата-аналар келінді кіргізіп алып, кешірімге барып келіп арада біраз уақыт өткен соң той жасап, келіннің бетін ашады. Ал, қаймағы бұзылмаған қазақтың әдет-ғұрпында келінді алып қашып немесе құда түсіп сырға салып, қайын жұртына әкелді ме сол жерде беташар айтылып, келіннің беті ашылуы керек. Онсыз келін ол үйдің босағасын аттамаған. Міне, қазақтың рухани әлемінің тазалығы, салтының құндылығы келіннің елге, сол әулетке деген құрметін сәлем салудан бастағандығында жатқан сияқты.



Келін келгенде оған сол әулеттегі кімнің кім екенін, қайсы қайын атасы, қайсы қайын енесі, қайын ағалары кім, абысын-ажындарының атын бәрін осы беташар айтқан адам таныстырып, өлеңмен ұйқастырып, келінге әдемі етіп жеткізген. Қазақтағы «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген сөз содан барып шыққан.

Ең алғаш келгенде өзіне тікелей тоқталып, ата-бабаларына дейін мәнерлеп айтып жеткізген адам қалай ыстық болмасын?! Ал, қазір мүлде басқадай болып кетті. Тіпті, беташардың құндылығы туралы көзқарас та жеңіл ойдың астарында қалған сыңайлы.

Ал, ұлттың ертеңі - ұрпақтың қамқоршысы, бір елдің шырағы болатын бүгінгі келін, ертеңгі ана үшін ағайын-туыс, қайын жұртының қадірін білмеу үлкен сын.

Қазақ "Шопанның таяғынан, келіннің аяғынан" деп жаңа түскен келіннен көп жақсылық күткен.

Бір сөзбен айтқанда, беташар жақсылықтың бастауы емес пе?! Беташар айтылып жатқанда келінді екі жеңгесі алып келеді деген де бар. Ол жеңгелері де өмірі өнегелі адамдар болғаны абзал. Жесір немесе жеңіл жүрісті әйелдер болмауы керек. Осының барлығы жаңа түскен келін жақсы болсын деген қазақтың ырымы.

М.МАРАТҚЫЗЫ.

Құттықтаймыз!

Ойшілік ауылының тұрғыны, ардақты апайымыз, әулетінің қамқоршысы, алдымыздағы ақылшымыз, ұлағатты ұстаз **РЫСГҮЛ МӘУЛІТҚАНҚЫЗЫН** зейнетке шыққан мерейтойымен құттықтаймыз!

Қамын ойлап ағайынның жүретін, Істің жайын парасатпен білетін. Әулетінің шырағысың сөнбейтін, Аман болсын Нұрлан ағам тірегің. Кең пейілмен дастарханың жаятын. Үш ұл тапқан алтын құрсақ анасың, Ұрпақтарың пана қылып жүреді, Дәл өзіндей бәйтеректің саясын. Ұстаз болдың ұстамы бар өмірде, Тазалық бар өніп-өскен тегінде. Үлкендердің батасымен көгеріп, Абыройлы ана болдың бүгінде. Жасай берші, алтындайын апамыз, Сіздей жанды қайдан іздеп табамыз. Ана көрген, ене көрген көнекөз, Біздер үшін нардай биік бағаңыз.



Игі тілекпен: күйеу балаң Марат-Ғалия және балалары.



Сингапурдағы 55 метрлік мұнараның төбесінде орналасқан 3 палубалы "Аспан саябағы" атты кеме

ЕСКЕ АЛУ

Еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР-на еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, әкеміз **ИТБАЕВ ЖАНАРБЕК** пен анамыз, ұлағатты ұстаз болған **ӘЛІМХАНОВА КҮЛІСКЕ** 11 қыркүйек күні сағат 12-де Ақсуаттағы «Раушан» мейрамханасында ас беріледі. Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Ойшілік ауылының тумалары, Тана мырза ауылының тұрғындары болған әкеміз **ДИНА САҚЫҚЫЗЫ** мен ата-анам **БАЙҒАЛИҰЛЫ САНАҚБЕК** пен анам **МҰҚАНҚЫЗЫ БАҒИЛАНЫ** сағиынышпен еске аламыз.

Асыл әже, бейнең естен кетпейтін, Тәлім бердің саған ешкім жетпейтін. Ұл-қызыңды бастың әркез бауырма, Абыройын ешқашанда төкпейтін.

Он төрт құрсақ көтерген ең анашым, Біздер үшін ыстық ұя панасың. Асқар таудай орны бөлек әкемің, Жақсылардың жалғап өткен санатың.

Апты жылда өтті зырлап арадан, Сен әкетай, кетпейсің ғой санадан. Бес жыл өтті анам мәңгі кеткелі, Сыйлы жан еді ағайынға қараған.

Жатқан жерің жайлы болсын жұмақтан, Үнің мәңгі кетпейді екен құлақтан. Амал бар ма, не шара екен ажалға, Қос Бәйтерек қорғанымыңды құлатқан.

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Қызылкесік өңірінің тумасы, Ақсуат ауылының тұрғыны болған асып анамыз, аяулы әкеміз **МАЙШЫҚОВА РЫСЖАН БАЙНАЗАРҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн болады.

Біз үшін еңбектеніп тынбадыңыз, Ауырлық көрсеніз де сынбадыңыз. Тағдыр жолын әрқашан өнеге етіп, Ұрпақтарыңызды ұлылыққа шыңдадыңыз.

Енді сізге шынайы пейіліміз, Пейіштің самалымен нұрланыңыз. Ардақты анамызға 17 қыркүйек күні сағат 11:00-де Ақсуат ауылындағы қатымханада 40 күндік асы беріледі. Асқа барлық туған-туыс, жақын-жамағаттарды шақырамыз.

Еске алушылар: Елтаевтар әулеті.

Тана мырза ауылының тұрғындары болған ардақты ата-анамыз **БАЙҒАЛИЕВ САНАҚБЕК** пен **БАҒИЛА МҰҚАНҚЫЗЫН** сағиынышпен еске аламыз.

Ата -анамызға берілетін ас қыркүйектің 15-і күні сағат 12-де Ақсуат ауылындағы "Дария" мейрамханасында беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жегіт, тамыр-таныс, көршілерді шақырамыз. Еске алушылар: қызы Айшолпан, жиені Жақсылық, Дархан-Мақпал, Эльдар-Жансая.

Сәтбаев ауылдық округінің әкімі және оның аппараты кезінде совхозда бас зоотехник, ферма меңгерушісі болған **САҒАТБЕКОВ КӘДІРБЕКТІН**, ауыл әкімшілігінің кіші қамту қызметкері Қасымов Ерболға әкесі **ОРАЗБАЕВ СЕРІКТІН**, кәсіпкер Демезжанов Бақытбекке ағасы **ДЕМЕЖАНОВ СЕРІКТІН**, ауыл тұрғыны **СЕЙЛХАНОВ ӘДІЛБЕКТІН** қайтыс болуларына байланысты қайғыларына ортасып, туған-туыстарына көңіл айтады.



Артық болмас білгенің

Жеті атаңды неге білуің керек?

Жеті Атаға дейін үйленбеу дәстүрі түркі тектес халықтардың ішінде тек қазақтарда ғана бар дейміз. Неге екенін білеміз бе? Осы жайында оқыған бір аңыз-әңгімені ұсынбақпыз.

XV ғасырда Қазақ Хандығы орнап, оны Керей мен Жәнібек хандар басқарғаны белгілі. Бірде Жәнібек ханның ақылшысы, кеңесшісі Жиренше шешен қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Жақын жерлердегі талай белгілі емші, бақсыларды шақыртып қаратса да, еш ем қонбапты. Соңында атақты Өтейбойдақ деген емші барын біліп, соны шақырады. Өтейбойдақтың емінен кейін Жиренше жазылып, дертінен айығыпты. Жәнібек хан емшіге риза болып, бірнеше сұрақ қойыпты. Көп сұрақтарына қонымды жауаптар алып, соңғы сұрағын қойыпты: - Қандай ауруды емдеу қиын?

- Тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиын.
- Ал, оның алдын алуға бола ма?
- Болады. Жеті Атаға дейін туыс адамдар қыз алыспауы керек. Жеті - қазақ үшін қасиетті сан. Өтейбойдақ емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, халыққа жеті атаға дейін үйленуге тыйым салыпты. "Кімде кім жеті атаға тоймай үйленсе, өлім жазасына кесілісін" деген жарлық шығыпты. Содан бергі қазақ хандары да осы жарлықты бұлжытпай орындап отырыпты. Ал, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы "Шипагерлік баян" атты шипагерлік кітап жазған адам. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйретіп жатқандар. "Жеті атасын білмеген - жетесіз" деген содан қалған.

М.МАРАТҚЫЗЫ.

Пайдалы кеңестер

Үтіктен қалған дақты кетіру

Киіміңізді үтікке күйдіріп алсаңыз, оны лақтырудың қажеті жоқ. Киімдегі үтіктен қалған дақты кетіру үшін төменде көрсетілген кеңестерді орындасаңыз болғаны.

Киімдегі үтіктен қалған дақты сумен сулап, үстіне ас содасын сеуіп қойыңыз. Содан соң соң дақты шетінен ортасына қарай ысқышпен абайлап тазартыңыз. Егер, дақ толықтай кетпесе, әдісті қайтадан қайталаңыз.

Жоғарыдағы әдіс көмектеспесе, дақты жылы сумен сулап, үстіне тұз себіңіз. Мата кепкен соң, матаны тұздан шеткемен тазартыңыз. Үтіктен қалған дақты кетірудің қандай заттарды қолданғаныңызды айтуды ұмытпаңыз.



тағы бір жолы - даққа лимон шырынын құйып, үстіне қант ұнтағын себу. Қоспа кепкен соң, оны жылы суға жуу керек.

Үтіктен қалған дақты кетіруге сутегі тотығы да көмектеседі. Ол үшін даққа сутегі тотығын құйып, кептіресіз. Содан соң киімді қарапайым жолмен жуып алу қажет. Кейбір жағдайларда жоғарғы әдістердің көмегімен де кетпейтін дақтар болады. Ондай жағдайда киіміңізді химиялық тазартуға беріңіз. Бір ескерте кететін жайт, қабылдаушыға дақты кетіру үшін қандай заттарды қолданғаныңызды айтуды ұмытпаңыз.

Тісті ағарту үшін

Тістің маржандай тізіліп, жарқырап тұрғанын барлығыңыз да жақсы көресіздер. Алайда, кейбір зиянды әрекеттердің кесірінен аппақ тістеріңіз тез арада сарғайып кетеді. Әсіресе арақ, шарап, темекі секілді заттар тістеріңіздің сарғаюына себеп болады. Сіздерге сары тістерден қалай құтылу керектігін айтамыз.

Сары тістерден арылуға ас содасы ерекше көмектеседі. Ол үшін бір стақанға жылы су құйып, аздап ас содасын салып, аузыңызды жақсылап шайыңыз. Тісіңізді тазалап болғаннан соң суды төгіп тастасаңыз болады. Көп ұзамай тістеріңіздің ағарғанына көзіңіз жетеді. Сонымен қатар, апельсин



жемісінің қабығы да тістеріңіздің ағаруына септігін тигізеді. Лимон қабығымен тісті тазалау баяғыдан бері халық медицинасында қолданылып келеді. Ағаш көмірін де ертеде ата-бабаларымыз тістерін ағартуға пайдаланған. Оны тіс пастасымен араластырып, қолдансаңыз болады. Сол кезде сары тістерден тез құтыласыз. Таң қалып тұрған шығарсыз, бірақ құлпынай жемісі де тістеріңізді жарқыратуға жақсы көмектеседі. Ол үшін тістеріңізді құлпынаймен жиі ысқылап тұрыңыз. Салат жапырақтарын жиі жеңіз. Оның шырынымен ауыз қуысыңызды тазалап, тістеріңізді түрлі бояудан сақтайсыз.

Редактор

Ерғали ЖҰМАХАН.

Меншік иесі: Тарбағатай ауданы әкімдігінің "Тарбағатай нұры" аудандық газет мекемесі.

Мекен-жайымыз: 071500. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Кәбеков көшесі N19 үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор-2-12-64, жауапты хатшы-2-20-04, тілші-факс 2-17-66, электрондық пошта: tarbagatay@mail.ru

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты. Хатқа жауап берілмейді. «Тарбағатайда» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Нөмірдің кезекшісі **ЖАЗИРА КӨКІСКЫЗЫ.**

Индекс 19157. Көлемі 1 баспа табақ. Аптасына екі рет шығады.

Газет редакцияның компьютерінде теріліп, беттелді және Семей қаласындағы (Шугаева көшесі, 30) «ЖШС «Спектр» газетінің орталығында басылды.

Таралымы 3820 Тапсырыс 998

Газет Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде есепке алынып, (4.02.2003 жыл) тіркеліп, N3573-Г куәлігі берілген.